

**ШЖҚ «ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» КМК-НЫҢ  
2018 ЖЫЛҒЫ 6 АЙ ІШІНДЕГІ  
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Павлодар облыстық балалар ауруханасы – Павлодар облысының балаларына стационарлық, стационар алмастыратын және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін, қуаты 460 төсекке арналған көп бейінді балалар емдеу-алдын алу ұйымы.

### 2018 жылғы 6 ай ішіндегі кадрлық жұмыс

Барлығы штатта **673** қызметкер, соның ішінде, **81** дәрігер, **290** мейірбике, **172** кіші медқызметкерлер, **129** өзге қызметкерлер.

Санаты бар дәрігерлердің барлығы – **54** (2017 жылы – **40**) адам, соның ішінде 41 адамның жоғары және бірінші санаты бар, бұл санаты бар дәрігерлер санынан **75,9 %-ды** құрайды. 12 дәрігердің екінші санаты бар.

Дәрігерлік кадрлардың санаттылығы **70,8 %-ды** (2017 жыл – **75,5%**) құрайды.

Барлығы мейірбике – **290** адам, **80** медициналық бике жас мамандар болып табылады. Санаты бар – **144** (2017 жыл – **96**) орта медициналық қызметкер, санаттылық – **74,5 %-ды** (2017 жыл – **77,0 %**) құрайды.

### Стационардың қызметі

Статистика деректеріне сәйкес, 2018 жылғы 6 ай ішінде стационар бойынша барлығы – **9 821** науқас (2017 жыл – **9 773**) емделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда **48** жағдайға (**0,5 %-ға**) артық.

2018 жылғы 6 ай ішінде күндізгі стационар бойынша – **790** науқас емделді, 2017 жылғы ұқсас кезең ішінде – **1 093** емделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда **303** пациентке аз (**27,7%**).

Кесте № 3

### 2017-2018 жж. ішіндегі стационардың қызметі

№	Көрсеткіштер	2018 жыл	2017 жыл	%
1.	Төсектердің саны	460	480	95,8
2.	Төсек-күн өткізілді	69 291	72 200	96,0
3.	Науқастар келіп түсті	10 094	9 926	101,7
4.	Науқастар емделді, соның ішінде:	9 821	9 773	100,5
	- шұғыл	7 966	7 799	102,1
	- жоспарлы	1 855	1 974	94,0
	- қалалық	7 496	7 294	102,8
	- ауылдық	2 325	2 479	93,8
5.	Бір жасқа дейінгі балалар	1 876	1 820	103,1
6.	Төсек жұмысы	150,6	150,4	100,1
7.	Орташа болу ұзақтығы	7,1	7,4	95,9
8.	Төсек айналымы	21,4	20,4	104,9
9.	Қайтыс болды	8	9	88,9
10.	Өлім-жітімділік	0,08	0,09	88,9
11.	1 жасқа дейін қайтыс болды	7	5	140,0



12.	1 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімділігі	0,37	0,28	132,1
13.	Бір тәулікке дейін қайтыс болды	3	3	100,0
14.	Бір тәулікке дейінгі өлім-жітімділік	0,03	0,03	100,0

Стационарлық көмекті тұтынудың деңгейі 357,0 (2017 жыл – 376,4) құрайды.

### Стационар бойынша емделген науқастардың құрылымы

Барлығы 2018 жылғы 6 ай ішінде – 9 821 (2017 жыл – 9 773) науқас емделді, емделген науқастардың құрылымы:

- 1 орында – жұқпалы және паразиттік аурулар – 3 632 (37,0%), (2017 жыл – 3250 (33,3%)),
- 2 орында – тыныс алу органдарының аурулары – 1 275 (13,0%), (2017 жыл – 1 238 (12,7%)),
- 3 орында – жарақаттар мен улану – 1 031 (10,5%), (2017 жыл – 1 065 (10,9%)),
- 4 орында – ас қорыту органдарының аурулары – 881 (9,0%), (2017 жыл – 861 (8,8%)),
- 5 орында – жүйке жүйесінің аурулары – 801 (8,2%), (2017 жыл – 891 (9,1%)).

Диаграмма № 6

### 2017-2018 жж. 6 ай ішіндегі емделген науқастардың құрылымы



### Консультациялық-диагностикалық көмек

Консультациялық емхана бойынша 2018 жылғы 6 ай бойынша 14 519 қызме (2017 жыл – 13 262) көрсетілді, бұл 1 257 қызметке немесе 9,5 %-ға артық.

Жарақат пункті бойынша 2018 жылғы 6 ай ішінде **21 555** қызмет (2017 жыл – 39831) көрсетілді, бұл **13 790** қызметке немесе **1,8** есе аз.

Диаграмма № 7

2017-2018 жж. 6 ай ішіндегі ОБА-ның консультациялық-диагностикалық емханасы мен жарақат пункті бойынша көрсетілген қызметтердің саны



### Стационар бойынша өлім-жітімділік

Стационар бойынша 2018 жылғы 6 ай ішінде **8 бала қайтыс болды** (2017 жыл – **9**).

Стационар бойынша жалпы өлім-жітімділіктің көрсеткіші 2018 жылғы 6 ай ішінде **0,08 %-ды** (2017 жыл – **0,09 %**) құрды.


**1 жасқа дейін қайтыс болғандардың саны** 2018 жылғы 6 ай ішінде – **7** (2017 жыл – **5** бала) құрды.

**1 жасқа дейін өлім-жітімділіктің көрсеткіші** 2018 жылғы 6 ай ішінде – **0,37 %** (2017 жыл – **0,28%**).

**Бір тәулікке дейінгі өлім-жітімділік** 2018 жылғы 6 ай ішінде – **3 жағдай** (2017 жыл – **3** жағдай).

Диаграмма № 8

2017-2018 жж. 6 ай ішіндегі стационар бойынша жалпы өлім-жітімділік





ҚР ДСМ ДСДРО-ның 2016 жылғы деректері бойынша Қазақстанның облыстық балалар ауруханалары арасындағы рейтингінде ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК-да жалпы өлім-жітімділік ең төмен болып табылады, бұл 0,13 %-ды құрайды. Екінші орында Солтүстік-Қазақстан ОБА-сы, оның жалпы өлім-жітімділігі 0,24 %-ды құрайды, үшінші орында Ақмола ОБА-сы – 0,27 %.

2017 жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша ҚР ДСМ ДСДРО-ның деректері бойынша Қазақстанның облыстық балалар ауруханалары арасындағы рейтингінде ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК бірінші орында тұр, бұл жерде нәтижелілік коэффициенті 0,96-ны құрды. Екінші орында Атырау ОБА-сы, оның нәтижелілік коэффициенті 0,92-ні құрды, үшінші орында Ақтөбе ОБА-сы – 0,91.

### **Жаңа туылғандардың хирургиясы**

Сәби өлімінің көрсеткішіне белсенді әсер ететін аурухананың қызметіндегі маңызды болашақты бағыттардың бірі.

2018 жылғы 6 ай ішінде хирургиялық патологиясы бар **28** (2017 жыл – **30**) жаңа туылғандар келіп түсті.

2018 жылғы 6 ай ішінде **19** жаңа туылғандарға (2017 жыл – **23**) ота жасалды.

**Кесте № 5**

### **2017-2018 жж. ішіндегі ота жасалған жаңа туылғандардың құрылымы**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>2018 жыл</b>	<b>2017 жыл</b>
1.	Даму ақаулары	7	20
2.	Жаңа туылғандық кезеңінің хирургиялық аурулары	7	2
3.	Ірінді-қабыну аурулары	5	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>19</b>	<b>23</b>

### **Клиникалық фармация**

2016 жылғы 04 қарашадағы №797-Ө бұйрығына сәйкес пилоттық жоба шеңберінде ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК-да 2017 жылғы 01 ақпанда клиникалық фармация бөлімшесі (бұдан әрі – КФБ) ашылды.

Жүргізілген жұмыс талдауының нәтижелері бойынша дәрілік құралдарды ұтымды және қауіпсіз қолдануда оң динамика байқалады:

1. 2018 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы маусым бойынша энтералдық және парентералдық дәрілік түрлерге шығындар 5 960,8 мың теңгені (2017 жылғы қаңтардан бастап 2017 жылғы маусым бойынша – 8 989,1 мың теңге) құрды, үнемділік – 3 028,3 мың теңгені немесе 1,5 есе құрды.
2. Тағайындалатын препараттардың саны шамалы қысқарды.



## Пациентті қолдау қызметі

Азаматтардың медициналық қызметтерді көрсетудің деңгейіне қанағат болу дәрежесі медициналық қызметтердің сапасына негізделген шағымдардың санымен анықталады.

Барлық шағымдар мен арыздар тіркеледі және өтініштерді қарау жөніндегі комиссиямен қаралады, шағымдардың санын азайту бойынша іс-шаралар әзірленеді.

2018 жылғы 6 ай ішінде **124** (2017 жыл – **106**) өтініш тіркелді, соның ішінде:

1. Жазбаша – 95 (2017 жыл – 51), 1,9 есе өсті, соның ішінде:

- а. ОБА сайты – 25 (2017 жыл – 13),
- б. ДСБ сайты – 6 (2017 жыл – 10),
- в. Облыс әкімінің блогы – 5 (2017 жыл – 14),
- г. Облыс әкімінің ватсапы – 4 (2017 жыл – 0),
- д. ДСБ басшысының ватсапы – 15 (2017 жыл – 0),
- е. ҚР ДСМ-ның блогы – 0 (2017 жыл – 1),
- ж. Зеро-толеранс – 2 (2017 жыл – 0),
- з. Павлодар қ. әкіміне – 1 (2017 жыл – 0),
- и. Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің сайты – 1 (2017 жыл – 0)

2. Ауызша – 29 (2017 жыл – 55), 1,9 есе төмендеді, соның ішінде:

- а. Сенім телефонына 6 өтініш тіркелді (2017 жыл – 18),
- б. Call – орталық арқылы өтініштер – 4 (2017 жыл – 21).

Өтініштерді талдау көрсеткендей 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылғы 6 ай ішіндегі өтініштердің жалпы санының 1,2 есе өсуі байқалып отырғандығын көрсетеді.

Өтініштердің құрылымы:

- алғыстар – 10 (8,1%)
- ОБА-ға емдеуге жатқызу, мамандардың қабылдауы сұрақтары бойынша – 25 (20,2%)
- медициналық көмек көрсету бойынша – 18 (14,5%)
- көрсетілетін қызмет бойынша, қызметке ақы төлеу бойынша – 10 (8,1%)
- қабылдау бөлімінің, тіркеу бөлімінің жұмысы бойынша – 12 (9,7%)
- этика және деонтология сұрақтары – 4 (3,2%)
- республикалық клиникаларға жолдау – 6 (4,8%)
- күту бойынша тұлғалардың болу шарттары бойынша – 4 (3,2%)
- стационардағы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша – 2 (1,6%)
- емдеу-диагностикалық іс-шараларды түсіндіру бойынша – 2 (1,6%)
- медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша – 1 (0,8%)
- балалардың жағдайы бойынша консультациялар – 2 (1,6%)
- еңбекке жарамсыздық парағын ұсыну – 1 (0,8%)
- сапалы емес ем – 1 (0,8%)
- баланың жағдайы бойынша қорытынды ұсыну – 1 (0,8%)
- өзге – 25 (20,2%)

Негізделген өтініштер жоқ. Барлық өтініштер қаралды, өтініш берушілерге жауаптар берілді.



**Денсаулық сақтау менеджменті аясындағы қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне және соңғы нәтижелеріне жету жөніндегі Меморандумын орындау**

2018 жылға Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасы мен ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК арасында Денсаулық сақтау менеджменті аясындағы қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне және соңғы нәтижелеріне жету жөніндегі Меморандумы жасалды.

Қызметті бағалау 21 индикатор бойынша жүзеге асырылады.

2018 жылғы 6 ай ішінде 17 индикаторға қол жеткізілді, бұл 81,0 %-ды құрды.

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу**

«Павлодар облысы бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу туралы» 2017 жылғы 18 наурыздағы №167-ө бұйрығына сәйкес, ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК келесі іс-шаралар өткізді:

1. Облыстық газеттерде 8 дана көлемінде мақалалар жарияланды.
2. Халық арасында МӘМС-ті енгізу бойынша түсіндіру жұмысы шеңберінде Облыстық балалар ауруханасында барлық қол жетімді жерлерде (қабылдау бөлімі, консультациялық емхана, сәлемдеме қабылдау, аурухана бөлімшелерінде) 610 дана көлемінде ақпараттық бүктемелер орналастырылды, емханада МӘМС-ті енгізу бойынша роликтің көрсетілуі жүзеге асырылуда. Ақпараттық материал облыстық балалар ауруханасының сайтында, Instagram, Facebook желілерінде орналастырылған.
3. Аурухананың бөлімшелерінде пациенттердің ата-аналары мен аурухана қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру әңгімесі жүргізіледі. Барлығы 454 адам қамтылды. Тіркеу журналы жүргізіледі.

**Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс пен ҒЗЖ**

Облыстың медициналық ұйымдарына ұйымдастыру-әдістемелік пен тәжірибелік көмек көрсету мақсатында 2018 жылғы мамырдан бастап шығу жұмысы қайта басталды. Педиатриялық бригадалар Ақтоғай, Қашыр аудандарына, Ақсу мен Екібастұз өңірлеріне шықты. Барлығы 277 бала қаралды, соның ішінде, невропатологпен – 93, отоларингологпен – 92, хирургпен – 48, травматологпен – 28, онкогематологпен – 9, кардиологпен – 7.

2011 жылғы 01 маусымнан бастап, ауруханада БЖАЫҚ үйлестірушілермен дәрігерлермен және орта медициналық қызметкерлермен сабақ өткізілетін бала жасындағы ауруларды ықпалдастыра қарау жөніндегі оқу орталығы ұйымдастырылды.

2018 жылғы 6 ай ішінде барлығы облыс ЕАҰ-ның 148 медициналық қызметкері оқытылды (2017 жыл – 207):

- Дәрігерлер – 26 (2017 жыл – 56),
- Фельдшерлер – 1 (2017 жыл – 8),
- Мейірбикелер – 110 (2017 жыл – 143),
- Өзге – 11 (психолог – 6, әлеуметтік қызметкер – 5).



2018 жылғы 18 маусымнан бастап 2018 жылғы 22 маусым бойынша БЖАЫҚ ұлттың тренері, доцент, медициналық қызмет кандидаты З.М. Оспанованың қатысуымен «Патронаж мейірбикесінің жаңа рөлі» тақырыбындағы көшпелі цикл өткізілді. Тренингке 28 дәрігер, 21 мейірбике қатысты.

2018 жылғы 22 маусымда облыс ЕАҰ бірінші басшыларының қатысуымен үйлестіру кеңесі жүргізілді.

### Емдеуге жатқызу бюросы

2018 жылғы 6 ай ішінде ОБА-ның өңірлік шағын комиссиясымен ЖТМҚ-ны қажет ететін **515** науқас бала бейінді медициналық ұйымдарға жолданды. Республикалық клиникаларға ЖТМҚ-ға жолдау кезінде **37** штаттан тыс жағдай тіркелді:

1. Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетімдердің жоқтығы – 2
2. Басқа жіті аурудың себебі бойынша емдеуге жатқызудан бас тарту – 19
3. Пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі – 1
4. Отбасы жағдайына байланысты – 1
5. Порталға деректерді енгізу кезінде қате жазу – 1
6. Жазбаша бас тарту – 2
7. Емдеуге жатқызу рәсіміне байланысты емес жағдайлар – 11

Штаттан тыс жағдайдың әр жағдайы бойынша бас дәрігердің орынбасары деңгейінде талдау өткізілді. Талдау нәтижелері бойынша ақпарат МСАК-ке мәлімделіп, ай сайын ДСБ-ға ақпарат ұсынылады.

2018 жылғы 6 ай ішінде санитариялық авиация желісі бойынша 7 бала тасымалданды, соның ішінде, Астана қаласының клиникаларына – 7 бала тасымалданды, ұшақпен – 6 бала, темір жол көлігімен – 1 бала жіберілді.

2018 жылғы 6 ай ішінде ОБА мамандары облыс өңірлеріне 31 рет шықты.

### Сатып алынған жабдық бойынша ақпарат

Медициналық жабдықпен жабдықталу **94,7** %-ды құрайды (тозған медициналық техниканы есепке алғанда).

2018 жылға **810 713,2** мың теңге жалпы сомасына жабдықты сатып алуға өтінім берілді.

2018 жылғы 6 ай ішінде **412 488,5** мың теңге сомасына жабдық сатып алынды.

КТ-аппаратын орнату бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді: бөлме дайындалды (жөндеу жүргізілді, барлық қажетті байланыстар жүргізілді).

### Цифрландыруды енгізу

«ДАМУ» Ақпараттық технологиялар орталығы» ЖШС-пен Dmed КМАЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану жөніндегі қызметін сатып алуға 2018 жылғы 12 ақпаннан бастап шарт жасалды.

КМАЖ-ды енгізу үшін компьютерлердегі қажеттілік – 64, соның ішінде, 50 % МҰ есебінен сатып алынуы тиіс. Қазіргі сәтте 32 жоспарлы компьютерлерден – 27-сі сатып алынды, қалған 5 компьютер 2018 жылғы 30 шілдеге дейін сатып



алынатын болады. 2018 жылғы ақпанда бізбен ДСБ-ға 40 компьютер сатып алуға өтінім берілді. Бүгінгі күнге ДСБ-мен 10 компьютер жеткізуге шарт жасалды.

МАЖ-да жұмыс істеу үшін компьютерлік техникамен жабдықтау 71,6% -ды құрайды. Осы бағыттағы жұмыс жүргізілуде.

Жұқпалы аурулар стационарында толығымен локальдік желі болған жоқ. Қазіргі таңда бірыңғай локальдік желі құрылып, интернет өткізілді.

Орта медициналық персоналдың МАЖ-да жұмыс істеу үшін медициналық бекеттер барлық бөлімшелерде 12 бірлік көлемінде компьютерлермен жабдықталған.

Бағдарламада жұмыс істеу бойынша медициналық персоналдың 100%-ы оқытылды.

Консультациялық емханада медициналық персонал оқытылды, дәрігерлерге кестелер құрастырылды. Емхананың барлық мамандары қабылдауда толығымен қағазсыз құжат айналымына өтті.

Барлық бөлімшелерде медициналық персоналмен келесі модульдар бойынша деректер енгізіледі:

1. Қабылдау бөлімі,
2. Дәрігер кабинеті,
3. Мейірбике кабинеті,
4. Консультация мен диагностика,
5. Реанимация.

6. Талдауыштардан деректерді санға аударудың жоқтығы себебінен «Зертхана» модулі бойынша деректерді зертханашылар қолмен енгізеді.

Қазіргі уақытта басшымен бекітілген кестеге сәйкес, қағазсыз электронды құжат айналымына бұдан әрі өту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Цифрландыруды енгізу үшін шығындалған қаражаттың жалпы сомасы 4 534,2 құрайды, соның ішінде:

1. Жүйелі блоктарды сатып алу – 2 101,4 мың теңге,
2. Мониторларды сатып алу – 530,8 мың теңге,
3. Локальдік желіні орнату – 1 902,0 мың теңге.

Содан басқа, Dmed кешенді медициналық ақпараттық жүйе (КМАЖ) бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану құқығына лицензияларды ұсыну бойынша қызметтерге шығындар 3 477,0 мың теңге, интернет қызметтері үшін – 1 138,7 мың теңгені құрайды.

### **Шаруашылық қызмет**

2018 жылғы 1 жартыжылдықта хирургиялық және соматикалық корпусстарда 2 жолаушылар және жүк лифттері ауыстырылды.

Неврологиялық, хирургиялық бөлімшелерде жөндеу өткізілді.

Жұқпалы аурулар стационарында ас бөлімінде, бак.зертханада, сәлемдеме қабылдау бөлімінде жөндеу жүргізілді. Сүт бөлмесі жабдықталды. Клиникалық фармация бөлімшесі ашылды. Қабылдау бөлімшесі негізінде тиісті жабдығы бар 2 төсекке арналған қарқынды терапия палатасы ашылды.

БЖАЫҚ орталығы жұқпалы аурулар стационарына ауыстырылды. 3 қабатта орналасқан, бөлінген аудандар стандарттарға сәйкес келеді, сонда 2 оқу сыныбы,

ресурстық орталық, баланы дамыту бөлмесі, стационарлық көмек көрсетуге арналған бөлме, кураторлық қолдау орталығы ашылған.

### **2018 жылдың 2 жартыжылдығына міндеттер**


1. ОБА мен ДСБ арасындағы жасалған меморандумға сәйкес, индикаторларға жету.
2. ОБА-да медициналық көмек көрсету сапасын басқару жүйесін бұдан әрі жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.
3. Ерте жастағы балалардың денсаулығын қорғау және СӨ төмендету бойынша жұмысты жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шараларын өткізу.
4. Цифрландыруды бұдан әрі енгізу мен қағазсыз электронды құжат айналымына өту.
5. Білікті кадрлармен толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру, мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылату.
6. Мейірбикелік қызметтің жаңа моделін енгізу бойынша пилоттық жобаны бұдан әрі іске асыру.

**ШЖҚ «Павлодар облыстық  
балалар ауруханасы» КМК-ның  
директоры**

**А.М. Күзеков**




**Шаруашылық қызмет  
Лифттерді ауыстыру**



**Шаруашылық қызмет  
Бөлімшелердегі жөндеу**



**Шаруашылық қызмет**  
**Жұқпалы аурулар стационарындағы жөндеу**



**Шаруашылық қызмет**  
**Қарқынды терапия палатасы (жұқпалы аурулар стационары)**





**Шаруашылық қызмет**  
**Клиникалық фармация бөлімшесі (жұқпалы аурулар стационары)**



**Шаруашылық қызмет**  
**Сүт бөлмесі (жұқпалы аурулар стационары)**



## Сатып алынған жабдық бойынша ақпарат

